

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

А. Сәркенқызы¹, Ж. Т. Қадыров², А. С. Бейсенбаева³

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

^{2,3} М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ОККАЗИОНАЛИЗМДЕР**

Тілімізде көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері көп-ақ. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен пар-пар келетін бұл сөз орамдарын жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Сол сан-салалы сөз орамдарын жинап, бір ізге түсірудің маңызы зор.

Мақалада көркем шығармаға ерекше көрік беретін тұрақты тіркестер талданған. Окказионализмдерге ғылыми тұрғыдан сипаттама берілген. Ақын М. Жұмабаевтың тұрақты тіркестерді түрлендіріп, өзіндік авторлық тіркестерді ұсынғаны қарастырылған. Авторлық тіркестер, яғни, окказионализмдердің шығармадағы рөлі айқындалған. Олардың мән-маңызы сарапталған. Қазақтың көркем сөзінің құдіреті танылған. Окказионализмдердің ерекшелігі шығарма контексіне сай талданған. Ақын қолданған тіркестер шығармаға ерекше оң бергені сарапталған. Сонымен қатар, М. Жұмабаевтың авторлық тіркестерді қандай мақсатта қолданғаны талданған.

Кілтіті сөздер: көркем шығарма, фразеологизмдер, авторлық тіркестер, авторлық мақсат, авторлық қолданыс, окказионализмдер, шығарма, контекст, жаңашылдық.

Кіріспе

Халық тілінде ертеден келе жатқан сөз орамдарының (мақал-мәтел, қанатты сөздер, фразеологиялық тіркестер т.б.) сан алуан сыр наным-сенім түрлі ой-қиялын, тыныс-тіршілігін, түйсік-түсінігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі ерекше өрнектей білген. Сөз де сыр сандық тәрізді. Сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп баян етіп, халықтың

өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады.

Тұрақты тіркестер – бейне, характер жасауда, қоғам құбылыстарын, табиғат көрінісін бейнелі, көркем суреттеуде, адамның психологиялық жағдайын көрсетуде, ішкі сезімін суреттеуде қолданылатын бірден-бір дайын құрал.

Ата-баба дәстүріне сай ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тұрақты тіркестердің тілімізде алатын орны ерекше құнды. Әдетте әр адам күнделікті өмірде өзін толғантқан келелі ой-пікірлерін жеткізуде небір құрышын қандырар, көңілін селт еткізер тұрақты тіркестерді қолданады. Халық тілінің басқа элементтерімен біте қайнасып келе жатқан фразеологизмдерді оқып танымайынша, оның табиғатына үңілмейінше тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Ана тілінің байлығы мен әуезділігін анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Сөз байлығы сөздің санымен де, мән-мағынасымен де өлшенеді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы және рухани байлығы, экономикасы мен қоғамдық саясаты көрініс тапқан фразеологизмдерде қандай да бір нақты құбылыстың, жағдайдың ерекшелігі көрініп тұрады. Тұрақты тіркестер – кез-келген халықтың рухани байлығының жемісі.

Зерттеудің нысаны: Мағжан поэзиясындағы окказионализмдер.

Зерттеудің пәні: авторлық фразеологизмдер.

Мақсаты: М. Жұмабаевтың сөз құбылудағы шеберлігін көрсету. Ақын жасаған жаңа тіркестердің жүйелі жолдарын таныту. Фразеологизмдерді авторлық мақсатқа сай қолданылуын зерделеу.

Міндеттері: Тұрақты тіркестердің әртүрлі стилистикалық тәсілдер арқылы трансформацияланып, мағыналық және құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырағанын таныту.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу – осы саладағы өзекті мәселенің бірі.

Ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу – осы саладағы өзекті мәселенің бірі.

Соған қатысты тілші-ғалымдардың аса назар аударуға тиіс жағы – тұрақты тіркестердің құрылымдық-функционалдық қыры және олардың тілдік (узуалды) және сөйлемдік (оказионал) қолданысы. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің тарихи қалыптасқан дағдылы түрлерін авторлық (оказионалдық) қолданыс тәсілдермен байланыстыра қарастыру, біздің ойымызша, олардың тілдік табиғатының мәнін ашып қана қоймай, сонымен бірге тілдік жағдаяттарға байланысты құрылымдық-семантикалық өзгерістер мен мағыналастықтың ерекшеліктерін, стилистикалық мақсаттар мен жеке авторлық қолданыс тәсілдерін, оларды іске асыратын тілдік құралдары мен тілдік тетіктерін көрсетеді.

Тұрақты сөз тіркестерінің жан-жақты теориялық негізі түркітануда: І. Кеңесбаев, З. Г. Ураксин, Г. Н. Ахунзянов, Ш. У. Рахматуллаев, Г. А. Байрамов, М. Ы. Чернов, А. Нұрмаханов т.б.; қазақ тіл білімінде: Ә. Т. Қайдаров, Р. Сыздықова, Р. Сәрсенбаев, Ә. Болғанбаев, Ф. Қалиев, Ә. Айтбаев, Н. Уәлиұлы, С. Сәтенова, Г. Смағұлова және т. б. еңбектерінде жасалды.

Фразеологизмдердің мағыналық түрлеріне көркем туындыларындағы қызметіне, лексика-грамматикалық ерекшелігіне, стильдік ерекшелігіне баса назар аударады. Соңғы кездері фразеологизмдерді зерттеуге жас ғалымдар диссертациялық еңбектер жазды. Олар: Б. Уызбаева, Қ. Қалыбаева, Қ. Сарыбасова т.б.

Халқымыздың осы бір байлығын, асыл қазынасын жоғары бағалайтын кез-келген қаламгер өз шығармасында фразеологизмдерді кеңінен пайдаланады. «Фразеологизмдер шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық калорит береді. Халық тілінің бұл қат-қабатты қазынасына барлау жасап, көзін табу, қажетіне жарату «адам жанының инженері» – жазушының шеберлігіне байланысты» – дейді Х. Қожахметова [1, 53 б.].

Жалпы қаламгер тіліндегі тұрақты тіркестерді зерттеу барысында әр қаламгердің фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игергендігін және қаншалықты жаңа түрлерін ұсынғандығын, сол арқылы әдеби тілге қосқан өзіндік үлесін айқындауға болады.

Мағжан жаңа тіркестер жасап, жүйелі жолдарын көрсеткен. Өлеңдерін көркем түрде суреттеу үшін, айтпақ ойын экспрессивті-эмоционалды мәнде бейнелеу мақсатында әдеби тілге жаңа тіркестер әкеледі. Бұл жөнінде Рабиға Сыздық былай дейді: «Заман сырын ұғуға тырысқан, заманмен ілесе отырған ақындар өз тұсында туған жаңа ұғымдарды атау, жаңа образдарды сол заман түсінігімен сай түрде жұмсауға ұмтылады.

Заманға ілесіп отыру – дәстүрлі шарттылықты бұзу деген сөз, қалыпты дүниелерді (стандарт пен штамптарды) ығыстырып, жаңа атауларды, жаңа

сөз тіркестерін, жаңа поэтикалық құралдарды туғызуға жол ашу деген сөз. Демек, бұл тілге, оның әдеби түріне сапалық белгі беретін әрекет» [2, 320 б.].

Фразеологизмдерді авторлық мақсатқа сай қолдану құбылысы, яғни, тұрақты тіркестердің әртүрлі стилистикалық тәсілдер арқылы трансформацияланып, мағыналық және құрылымдық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылуы жайлы зерттеушілер Н. Уәлиұлы, Ә. Қайдар, Т. Қоңыров, М. Бекбаева, Е. Бектұрғанов, А. И. Ефимов, Л. И. Шоцкая, Г. С. Амиров т.б. еңбектерінде талданады.

«Тілдегі дағдылы қолданыстан тек құбылысты және көркем шығармалардағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық, стиль табиғатын ерекшелейтін мәнді бір заңдылық бар. Ол – окказионализм құбылысы. Окказионализмдер дегеніміз – белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те, сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер», - дейді Л. Еспекова [3, 10 б.]. Окказионализмдер белгілі бір шығармада пайдаланылып, контекст арқылы анықталатын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі сөздер, тосын сөздер, бір қолданар сөздер.

Г.Мұратова окказионал сөздердің ерекшеліктерін былай анықтайды: «Окказионализмдердің мағынасы контекспен тығыз бірлікте, әрі үнемі экспрессивті реңкте болады. Сыртқы формасына, жасалу тәсіліне қарай тіл нормасына үйлеспей жасалады» [4, 145 б.]. «Создание и исследование окказиональных вариантов, как уже отмечалось, преследует несколько целей: оживить потускневшие ассоциативно-образные представления, избежать трафарета, шаблонности, динамичность, образность, эмоциональность» [5, 24 б.].

Орыс тіл білімінде жеке автор қолданысындағы сөздерді зерттеу А.Потебня еңбектерінен басталады. Ғалымдар окказионализм сөздердің 3 белгісін атап көрсетеді:

- 1 белгілі бір авторға меншіктігі;
- 2 контекске байланысты болуы;
- 3 жаңашылдығы.

Ақынның тіл шеберлігі сөзді ойнатып, құлпыртып қолдануынан көрінетіні белгілі. Бұндай шеберлік А. Байтұрсынов айтпақшы, адам санасының үш негізіне сүйену барысында жүзеге асады: ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойнау, қиял ісі – мендеу, яғни ойдағы нәрселердің тұрпатына, бейнесіне, ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау» [6, 463 б.]. Осы үшеуіне сүйену негізінде ақын зерттеп отырған затты не құбылысты жеткізеді.

Сонымен қатар, ақынның жаңа қолданыстарының пайда болуына негіз болатын осы үш нәрсе.

«Окказионализмдердің пайда болу себептері автордың мақсатты ойына негізделген. Жаңа сөз, тың тіркестердің жасалу тәсілі ХІІ ғасырдан басталса, қазіргі өлеңдердегі окказионализмдер сол тәсілдің жалғасы. Сол дәстүр жалғасы болса да, әрбір қолданыстың өзіндік жаңалығы, авторлық ізденістердің жемісі болып табылады. Қазақтың басындағы мұң-мұқтажы мен қайғы-қасіретіне жүрегі сыздап, халқын қыспақтан алып шығу жолын шарқ ұрып іздеген Мағжанды іші тар қаламдас достары енді көрге сүйреп керіартпа ақын етіп көрсетсе, атқа мінерлер оны қуғын-сүргінге ұшыратады. Сөйтіп, төңірегінен өзін түсінетін бір адам таппай, рухани жалғыздықтан торыққан сәтінде, әділетсіздікке толы бұл өңірден қашып, о дүниенің жұмағына асығады. Ақын ол ойын «сүйген жарым – мейірімді ол қара жер» және «қара жер» ұғымдарын әдейі жақындастыру арқылы жеткізген» [3, 10 б.].

Г. Смағұлова фразеологизмдердің авторлық қолданыстары бойынша мынадай мәселелерге тоқталады:

1 Сөйлем ішінде бірнеше мағыналас фразеологизмдер амплификациялық қатарлар түзеді. Егер екі-үш қатарлы мағыналас фразеологизмдер болса, онда бірқатары – авторлық фразеологизмдер.

2 Мағыналас қатарлар ішінде фразеологизмдердің, әсіресе, лексикалық вариант үлгілері жиі өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы, түкірігі/қақырығы жерге түспеу, қаймағы бұзылмау/шайқалмау.

3 Мағыналас фразеологизмдер қатарларындағы авторлық қолданыстардың жасалуында сыртқы дыбыс үйлесімділігі жиі байқалады.

4 Авторлық қолданыста окказионал фразеологизмдердің мағыналарында ұлттық мәдени ойлау ерекшеліктері, стереотиптер арқылы тұтастай ұлт менталдығын айқындайтын соны тұрақты тіркестер тобы жиі көрінеді. Уақыт өте келе олар фразеологиялық қорға қосылуы мүмкін [7, 149 б.].

Мағжан шығармаларының көзге түсер ерекшеліктерінің бірі – окказионал фразеологизмдердің қолданылуы. Адамның көңіл-күйіне, жан дүниесіне қатысты окказионал фразеологизмдердің тірек сөз ретінде көбінесе көз, жүрек, от, күн, түн, ой, у, жел, жер деген сөздер қолданылады. Мағжан жүрек сөзін түрліше құбылтып, көңіл-күйді мәнді, әсерлі беру үшін соны тіркестер жасайды. Мысалы: дәл жүрекке жасын шашады, жүрегіме қасірет толды, у толды ғой жүрекке, тізе көрсен қара жүрек адамнан, жүрегімде көп жара, жүрегі жас парлағандай, жүрегіне өмір оғы көп тиген, уланды жүрек, жүректі дерт өртейді, ер жүрегі өрт екен, жүректі мастық өртейді, жүрегімді жүзге тілді, Сыздық ердің жүрегі шер, дерт екен, жүрек ерікке ұмтылады, жалынды жүйрік, жас жүрек, интернациональный жүрегі бар. Бұл тіркестер адам сезімінің қаншалықты күйде екенін тереңірек баяндайды.

Сезім көкжиегін көркем түрде асқан шеберлікпен бере білген. Сондай-ақ, ақын поэзиясындағы От, Күн, Ай, У, Көр, Түн сияқты оралымдары мен тіркестері ақын поэзиясының тіл байлығын, тіл көркемдігін нығайтуға ықпал еткендігін көреміз.

Мағжанның «Сағындым» өлеңінде алыстағы ағайын, туған ел-жұртын еске алғанда неге үнемі Алтын Күн, Қара Жер, Жүйрік Жел, Күміс Көл ақынның аузына қайта түседі? Өзін табиғаттың ажырамас бөлшегі деп сезінетін, сонымен біте қайнасып кеткен ақын Сарыарқаны аңсамағанда қайтеді? Заманы бөлек болса да, Абайдың жалғыздық тағдырын арқалаған ақынның өзінің ортасынан таба алмаған аянышты қара жерден іздеуі, бостандықты жүйрік желден іздеуі, жарық пенен жылуды алтын күннен іздеуі, азалықты мөлдір көлден көруі ағаттық па? Жалпы Мағжан мұрасында От пенен Су, Ай менен Күн, Күн менен Түн, Кең дала, Жүйрік Жел, От көп тілге тиек етіледі. Бір ғана жел сөзінің өзіне қарасақ, түрлі образбен береді: жүйрік жел, жалқау жел, жібек жел. Жел сөзінің өзі Мағжан поэзиясында жүз құлпырып, мың түрленіп, ақынның ішкі дүниесі мен сезім сырларын құбылта атқарады.

Сананы сан-саққа жүгірткен жел сөзіне байланысты тіркестер мен ой-толғамдар қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған. Мағжан қаламы арқылы келген жаңалықтар жеке ақын тұлғасына тиесілі. Ақын сезім дүниесіне әсер еткен ұлттық әдебиет әлеміндегі мұндай жанданған жана тіркестер Мағжан поэзиясында тұнып тұр. Демек, осы бір ғана жел сөзіне байланысты туған тың ой-оралымдар Мағжанның жазу стилін ғана емес, оның суреткерлік ерекшелігін де айқындайды. Мағжан поэзиясына тән мұндай жарасымын тапқан көрікті ойды беретін тіркестер ХХ ғасыр басындағы поэзияға келген жаңа құбылыс деп айтуға болады. Өзіне дейінгі қазақтың мағыналы ой, жанды сөзін қолдануда өзіне тән стильдік шеберлікпен көркемдей отырып, адам жанының мұң-шерлі, қуаныш-сүйінішті сезімін бейнелеуде тың образдар тудырған. Мысалы, Түн баласы көр көзінен жас төгіп, Қалмады көздің нұры, көрге айналдым, Қараны-ақ, ақты – қара деге айналдым. Қазақ поэзиясында көр сөзі мұншалықты поэтикалық тіркестермен құбылмаған. Қайғы-мұңды, әдемілік-сұлулықты Мағжан ең алдымен адамның көзін көрсетуден бастайды. Жансыз суық көзін қадап қу өлім, «Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.

Өмірдің азабын, адамын қажытқан ауыр тіршілікті Мағжан басқа ұғымдар арқылы бейнелейді. Қазақ әдебиетінде жылан туралы жалпы түсінік жауыздықтың белгісі ретінде алынады. Мағжан осы жыланның өзіне түрлі мағына береді. Мысалы, Қара жылан – қалың ойлар қаптады, Қалың ой – қара жылан жүректі еміп, Талай жылан арбар, қабан қорқытар деген сөздер арқылы өз басындағы ауыр ойды қара жылан бейнесі арқылы көрсетсе,

әрі заманға қайшы келетін құбылысты елдің қан-сөлін сорып жатқан «сұр жылан» түрінде бейнелейді.

Ақын у деген сөзді тура және ауыспалы мағынада ұтымды қолданады. Мысалы: Жылы тәтті у тарады қаныма, «жылы у бойға тарады, Махаббат бір тәтті у деген жолдарды алайық. Бұлар бұған дейін кездеспеген тың тіркестер. Махаббат сезімін, ләззат сезімді оқырман қауымға көркем түрде жеткізеді. Сонымен қатар, алдамшы өмір ылғи ғана у береді, у толды жүрекке, жақын жандар қастық уын шашып тұр, кеудеңе у толды ма? өмірін у болды ма? уға толды жас жүрек, қолынан құлдық қорлық уын ішіп, алаш деп – у, қазағым деп қан жұтып деген тіркестер өлең жолдарында кездеседі, мұнда у сөзі ауыспалы мағынада айшықталған. Мағжан поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерін окказионализмдерге жатқызамыз. Өйткені, бұл сөздердің сөздікке кіру қабілеті шектеулі, авторға меншікті сөздер, мағынасын контекст арқылы ғана анықтаймыз, жаңашылдық байқаймыз.

Ақын окказионализмдерді мынадай мақсатта қолданады:

- 1 Ақын өзінің ойын нақты қысқа түрде жеткізу үшін;
- 2 Белгілі бір жаңа ұғымды атау үшін;
- 3 Экспрессивті-эмоционалды ренкін білдіру үшін;
- 4 Заттың толық мән-мағынасын аша алмайтын сөзге синоним тудыру үшін;
- 5 Автор белгілі бір жағдайға өз сезімін ерекше көрсету үшін;
- 6 Өлең жолдарының әуезділігін сақтау үшін.

Жеке дара сөз өнері саңлақтарының қатарынан көрінетін М. Жұмабаев поэзиясының әсері, ықпалы талас тудырмайтын жағдай. Мағжан шығармашылығындағы фразеологизмдердің қолданысына екі тұрғыдан баса назар аударуға болады. Яғни, біріншіден, қаламгердің өмір сүрген кездегі әдеби тілдің ерекшелігін көрсете білуі, екіншіден, жазушының өзіндік сөз қолдану шеберлігін, қазақтың көркемсөз өнерін танытуы.

Қорытынды

Халқымыздың сан ғасырлық асыл қазынасы – көркем сөз үлгілерін, сөз саптаушы, көркемдігін, сұлулығын аса жоғары бағалайтын кез-келген қаламгер өз шығармасында сол үлгілерді заман озған сайын құлпыртып, жаңғыртып, жаңартып пайдаланады. Оның ішінде, әбден қалыптасқан, даяр қалпында жұмсалатын тұрақты тіркестер қолданысын зерттеу, жалпы ақын-жазушылар тілін зерттеу – өзекті мәселенің бірі.

Тұрақты тіркестердің узуалды және окказионал қолданысы тілші-ғалымдар назарында. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді авторлық қолданыс тәсілдерімен байланыстыра қарастыру, тұрақты тіркестердің мән-мағынасын ғана ашып қоймай, сонымен қатар автордың жеке қолтаңбасын айқындауға, тілдің құрылымдық-семантикалық өзгерістері мен мағына ерекшелігін

анықтауға, тұрақты тіркестердің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін танытуға, фразеологиялық антонимдер, синонимдер ерекшеліктерін айқындауға болады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Қожахметова, Х.** Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы : 1992. – 53 б.
- 2 **Сыздық, Р.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы : 1993. – 320 б.
- 3 **Еспекова, Л.** Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. – Алматы : 1998. – 10 б.
- 4 **Мұратова, Г.** Қазақ әдебиетіндегі окказионал сөздер, Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1991. – 145 б.
- 5 **Тұрабаева, Г. К.** Окказиональное преобразования пословиц и поговорок : Автореф. канд. филол. наук. – Алматы : 1989. – 24 б.
- 6 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы : 1991. – 463 б.
- 7 **Смағұлова, Г.** Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері : Филол. ғыл. докт. диссер. авторефераты. – Алматы : 1998. – 149 б.

References

- 1 **Kozhakhmetova, H.** Frazеologizmderdiń kórkem ádebiette qoldanylyúy. [The use of phraseology in fiction]. – Almaty, 1992. – 53 p.
- 2 **Syzdyq, R.** Qazaq ádebieti tarıhınyń máseleleri. [Problems of the history of kazakh literature]. – Almaty, 1993. – 320 p.
- 3 **Espekova, L.** Qadyr Myrzaliev poeziyasındaǵy okkazionalizmder. [Occasionalism in the poetry of Kadyr Myrzaliyev] – Almaty, 1998. – 10 p.
- 4 **Muratova, G.** Qazaq ádebietindegi okkazional sózder. [Occasional words in Kazakh literature]. – Almaty, 1991. – 145 p.
- 5 **Turabaeva, G. K.** Okkazionalnoe preobrazovanie poslovits i pogovorok. [Occasional transformation of messages and speeches]. – Almaty: 1989. – 24 p.
- 6 **Baitursynov, A.** Aq jol. [AK Zhol] – Almaty, 1991 – 463 p.
- 7 **Smagulova, G.** Maǵynalas frazeologizmderdiń ulttyq mádeni aspektileri [National cultural aspects of semantic phraseology]. – Almaty: 1998. – 149 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

*А. Саркенқызы*¹, *Ж. Т. Кадыров*², *А. С. Бейсенбаева*³

Окказионализмы в поэзии Магжана Жумабаева

¹Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан,
^{2,3}Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Республика Казахстан, г. Петропавловск.
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В нашем языке очень много душевных, художественно значимых и разнообразных устойчивых выражений. Многогранные устойчивые выражения и словосочетания, относящиеся к языковой сокровищнице, наш народ использует уместно. Схожие с пословицами и поговорками выражения высоко ценятся и сохраняются народом. Поэтому важным является собрать и классифицировать это разнообразие значимых слов.

В данной статье рассмотрены устойчивые выражения, придающие произведениями эстетику. Дана характеристика окказионализмам с научной точки зрения. Рассмотрены измененные устойчивые сочетания поэта М. Жумабаева, предложены его авторские сочетания. Произведениях определена роль авторских сочетаний, то есть, окказионализмов. Их значение проанализировано. Особенности окказионализмов были рассмотрены в соответствии с контекстом произведения. В статье анализировались фразы использованные поэтом. Кроме того, рассмотрена с какой целью М. Жумабаев использовал авторские сочетания, окказионализмы.

Ключевые слова: художественное произведение, фразеологизмы, авторские сочетания, авторская цель, авторское использование, окказионализмы, сочинения, контекст, новаторство.

*A. Sarkenkyzy*¹, *Z. T. Kadyrov*², *A. S. Beisenbayeva*³

Occasionalisms in the poetry of Magzhan Zhumabayev

¹Military Institute of the National Guard of the Republic of Kazakhstan,
^{2,3}M. Kozybayev North Kazakhstan University»,
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.
Material received on 28.08.20.

In our language there are a lot of sincere, artistically significant and diverse set expressions. Our people use appropriately the multifaceted set expressions and word combinations related to the language treasury. Expressions, which are similar to proverbs and sayings, are highly valued

and preserved by people. Therefore, it is important to collect and classify this variety of meaningful words.

This article discusses the set expressions that add aesthetics to works. A characteristic of occasionalisms from the scientific point of view is given. Changed set combinations of the poet M. Zhumabaev are considered, his author's combinations are proposed. The role of author's combinations, that is, occasionalisms, is defined in the works. In addition, it is considered the purpose of using the author's combinations by M. Zhumabaev. Their value is analyzed. The peculiarities of occasionalisms were considered in accordance with the context of the work. The article analyzes the phrases used by the poet.

Keywords: fiction work, idioms, author's combinations, author's purpose, author's use, occasionalisms, compositions, context, innovation.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz